



«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы



ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: ««Кемемен қоңілді серуен!»»



Топтар: Жарқын, Қадам

2023-2024 оқу жылы

«Көңілді сәттер бірге» – кеменен серуен

Жазғы сауықтыру кезеңі аясында «Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының екі тобының тәрбиеленушілері ата-аналарымен және балабақша қызметкерлерімен бірге «Көңілді сәттер бірге» атты кеменен серуенге шықты.

Серуеннің негізгі мақсаты – балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау, жазғы демалысты қызықты әрі мазмұнды ұйымдастыру, қоршаған ортамен таныстыру және ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту болды.

Серуен барысында балалар теңіз көрінісін тамашалап, таза ауада демалып, кеменен саяхаттаудан ерекше әсер алды. Балалар ата-аналарымен бірге көңілді уақыт өткізіп, әсем табиғатты бақылап, естелік суреттерге түсті. Теңіз самалы мен кемедегі ерекше атмосфера балаларға қуаныш сыйлап, жаңа әсерлер мен жағымды эмоциялар қалыптастырды.


Ата-аналардың бірге қатысуы іс-шараның маңызын арттырып, балаларға қолдау мен сенімділік сезімін сыйлады. Бірлескен серуен балалар, ата-аналар және балабақша ұжымы арасындағы өзара байланысты нығайтып, баршаға ұмытылмас көңілді сәттер сыйлады.

«Көңілді сәттер бірге» кеменен серуені – балаларымыздың жазғы сауықтыру кезеңіндегі ең жарқын әрі әсерлі іс-шараларының бірі болды. Балалардың жүзіндегі шаттық пен күлкі – біз үшін ең үлкен қуаныш!

КЕМЕМЕН СЕРУЕН

Фотоотчет

Көңілді сәттер бірге!




«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Бекітемін


Күні

Әдіскер: Махутова М.Х.



ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

«Алақай, Біз-ПИКНИКке барамыз!»



Топтар: Жарқын, Қадам

2023-2024 оқу жылы

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Балалар санаты:

Балалардың церебралды сал ауруы (ДЦП) бар мектеп жасына дейінгі балалар.

Психикалық дамуы тежелген (ЗПР) мектеп жасына дейінгі балалар

«Көңілді сәттер бірге» атты пикник

Жазғы сауықтыру кезеңі аясында «Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының екі тобының тәрбиеленушілері ата-аналарымен және балабақша қызметкерлерімен бірге табиғат аясында «Көңілді сәттер бірге» атты отбасылық пикникке қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – балалардың жазғы демалысын қызықты әрі мазмұнды ұйымдастыру, таза ауада белсенді қозғалуына жағдай жасау, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту және баршаға көтеріңкі көңіл күй сыйлау болды.

Пикник барысында балалар ата-аналарымен бірге көңілді қимылды ойындар ойнап, табиғатты тамашалады. Түрлі эстафеталарға, доппен ойналатын ойындарға және музыкалық жаттығуларға белсенді қатысты. Балаларға арналған шағын дастарқан жайылып, жемістер, сусындар және жеңіл тағамдар ұсынылды.

Балалар көңілді уақыт өткізіп, ойындарға қатысып, бір-біріне қолдау көрсетті. Табиғат аясындағы еркін әрі жайлы орта балалардың жағымды эмоция алуына, өзара қарым-қатынас жасауына және жаңа әсерлер жинауына мүмкіндік берді.

Пикник соңында балалар естелік суреттерге түсіп, жақсы тілектерін білдірді. Бұл іс-шара балабақша ұжымы, тәрбиеленушілер және ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, баршаға қуанышты әрі ұмытылмас сәттер сыйлады.

«Көңілді сәттер бірге» отбасылық пикнигі балаларымыздың жазғы сауықтыру кезеңіндегі жарқын да әсерлі іс-шаралардың бірі болды.



